...ліктерге төзу —мүлдем мүмкін емес жағдай. Сондықтан егін және мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруға, сөйтіп, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуға барлық шаралар қолданылсын. Ол үшін еңалдымен, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтуда шешуші күш болып саналатын машина-трактор станцияларының жұмысы негізінен жақсартылсын. Бұл —МТС-тер ауылшаруашылық жұмыстарын атқару жөнінде колхоздармен жасасқан шартты мүлтіксіз орындайтын болсын деген сөз. Осы мақсатқа жету міндеті машина-трактор станцияларында механизатор кадрларының жеткілікті болуын, тракторшылардың, комбайншылар мен басқа да қызметкерлердің тұрақтандырылуын талап етеді.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету —колхоздар мен совхоздардың алдында тұрған басты міндеттің бірі. Ал, осы міндеттің орындалуы колхоздар мен совхоздарда мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге, алынған бірде-бір төлдің шығынға ұшырамай, аман өсірілуіне, мал шаруашылығының өнімін еселеп арттыру мақсатында, малдарды күту, бағу және азықтандыру жұмыстарының дұрыс жолға қойылуына байланысты. Машина-трактор станциялары мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруда колхоздарға мейлінше тыңғылықты көмектесуге міндетті.

Айта кету керек, соңғы жылдары қоғамдық мал шаруашылығының өркендеу қарқыны мал шаруашылығы үшін жем шөп қорын дайындау қарқынынан артта қалып келеді. Мұндай артта қалушылық мал шаруашылығын онан әрі өркендетуге, оның өнімін арттыруға керісінше әсер етіп, не басшылық ету мәдениеті күшейтілсін, ауылшаруашылық кадрларын іріктеп алу, қызметке орналастыру және тәрбиелеу жұмысында кездесіп жүрген кемшіліктер үзілді-кесілді жойылсын.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы түсімін молайту үшін колхоздар мен совхоздардың барлық ішкі мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану, жер шаруашылығының мәдениетін арттыру, ол үшін егін шаруашылығының шөптанапты жүйесін меңгеру, малдардың тұқымын асылдандыру, колхоздың заттай және ақшадай қорларының дұрыс пайдаланылуына жетісу, көбінесе, осыған байланысты.

Міне, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында тұрған кезектегі міндеттер осылар. Осыған байланысты аудандық партия комитеттері мен МТС, колхоз және совхоз партия ұйымдары егін және мал шаруашылығы қызметкерлері арасында ұйымдастырушылық жұмысты барынша күшейтуге, үгіт-бұқаралық жұмыстың мейлінше әсерлі болуына жетісуге, колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде социалистік жарысқа барлық еңбекшілердің жаппай қатысуын және олардың алған міндеттемені абыроймен орындауын қамтамасыз етуге тиіс.

Облыс ауыл шаруашылығының қызметкерлері! Коммунистік партия мен совет үкіметінің күнбе-күнгі қамқорлығына және Қазақстан большевиктері V съезінің қарарына жауап бере отырып, ауыл шаруашылығының барлық саласын өркендетуде және Қостанай облысының еңбекшілерімен жасасқан социалистік жарыс шартын орындауда жаңа табыстарға жетейік, сөйтіп, Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайту сияқты қасиетті іске келелі үлесімізді қосатын болайық!

———00———

## Жаңа құрылыстар

Қалада жыл сайын өзінің жеке меншігіне үй салушылар саны көбейіп келеді. 1950 жылы қалада 250 адам өздеріне үй салып алды, ал өткен жылы 600 адам үй салды.

Жаңадан үй салушыларға мемлекет үнемі қамқорлық жасап, құрылыс материалдары мен қаржы жөнінен көп көмек көрсетіп отырады. Тек темір жолшылардың өзі 1951 жылы ұзақ мерзімге арналған 800 мың сомның қарызын алды. Ол ақшаға 70-тен аса транспортшылар өздеріне жақсы жабдықталған үйлер салып алды.

**В. ГРОМОВ.**

...Облыстық ауылшаруашылық басқармасы «қырман қалдықтарынан мал азығын әзірлейік!» деген плакат шығарды.

## Котластағы құрылыс

КОТЛАС. (Архангель облысы). 18 февраль. (СОТА). Мұнда үй құрылыстарының ірі комбинаты салынып жатыр. Кәзір негізгі цехтардың корпустарының қабырғалары көтерілуде. Комбинат бір пәтерлік және 8 пәтерлік стандартты үйлер жасап шығармақшы.

Котлас өзеншілері үшін жаңа қала салынуда. Екі этажды 7 үй кәзір салынып дайын тұр. Теміржолшылардың балалары үшін мектепке арналып 4 этажды кірпіш үй салынуда.

...студенттер мен мектеп оқушылары 1770-тен аса рет экскурсияда болды. Көрмеде 40-тан астам шетелдік делегациялар болды.

Суретшілердің көрмеге қойылған шығармаларымен кәзірдің өзінде-ақ 225 мыңнан астам адам танысты.

## ОРАЛДЫҢ МЕТАЛЫ ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТАРҒА ЖІБЕРІЛУДЕ

ЧУСОВОЙ, 16 февраль. (СОТА). Чусовой металлургиялық заводының прокатчиктері коммунизмнің ұлы құрылыстарының февраль айындағы барлық заказдарын мерзімінен 13 күн бұрын орындады. Куйбышев, Сталинград су электр станцияларының және «Волгодонстрой» құрылысшыларына жүздеген тонна сортты прокат жөнелтілді.

алды. Обл...
жуық мұ...
көктемде ...
аса жер ...

## Жа...

ДЕРБЕН...
маңындағы...
бент және...
лары ауыл...
даласына ...
алғашқы ...
егілетін ж...
ның ке...
қоректенді...

## Коммунизмнің ұлы құрылыстар...





СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) **Еділ-Дон құр...** станциясының турбиналарының бірін орнатуға ар... кезі. **Запорожье.** «Гидромонтаж» тресі Днепр ... Каховка су торабы құрылысы үшін қуатты жер ... Құрастыру участогінің бастығы **М. С. Приходько** ... шылардың бригадирі **И. С. Касапов** 1000—80 жер ... жасалатын тораптарын құрастырып жүр.

**(СО...**

